

МЕББМ ҚАЗАҚСТАН-РЕСЕЙ НУО  
КАЗАХСТАНСКО-РОССИЙСКИЙ



МЕДИЦИНАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ

**Тақырыбы:** Абрахам Маслоу, Зигмунд Фрейд, Эрик Эриксон , Карл Густав Юнг

**Тобы: 113 «А»**

**Орындаған: Өтепбергенова Аружан**

**Тексерген: Арайлым Асетовна**

## **Зигмунд Фрейд**

Австриялық дәрігер психолог Зигмунд Фрейд 1856 жылы 6 мамырда Фрейбург қаласында, қарапайым тері сатушының отбасында дүниеге келеді.

1860 жылы Фрейдтер отбасы Венаға көшеді. 83 жыл өмірінің 80 жылын Зигмунд осы қалада өткізеді. Үлкен отбасында 8 бала болды, бірақ Зигмунд өзінің алғырлығымен, таңқаларлық ақылымен, кітапқа деген құмарлығымен ерекшеленді. Сол себепті оған ата-анасы жақсы жағдай жасауға тырысты. Сабәк орындау барысында оған ешкім кедергі жасамау мақсатында, Зигмунд әрқашан керосинді шаммен оқитын, ал басқа балалары шам арқылы оқитын. 17 жасында гимназияны өте жақсы аяқтап, әйгілі Вена университетіне оқуға тапсырады. Университетте атақты профессорлар дәріс береді. Сол жерде оқып жүріп Зигмунд Фрейд студенттік одаққа қосымша тарих, политика, философия жайлы үйрену мақсатында кіреді.

**Абрахам Харольд Маслоу** (ағылш. Abraham Maslow, 1 сәуір 1908, Нью-Йорк — 8 маусым 1970, Менло-Парк, Калифорния) — американ кәсіби және ғылыми психологиялық қоғамдардың мүшесі. «Гуманистік психология», «Трансперсоналды психология» журналдарының негізін қалаушы.

Адам психологиясын тұтас зерттеу оның аса маңызды құндылықтары мен қасиеттерін талдау концепциясын ұсынған. Маслоу еңбектерінің дені өмірінің соңғы 10 жылында жарық көрген. Оның негізгі еңбектері: «Болмыс психологиясының бағытына қарай» (1968); «Дін, құндылық тағы басқа күйзелістер» (1964); «Ғылым психологиясы: рекогносцировка» (1966); «Мотивация және тұлға»

1. Адамдарға көз күйік болмай, іргеңді бөлек сал. Сонда кімге шын керек екеніңді бірден білесің.
2. Егер екі адамды қатар жақсы көрсең, екіншісін таңда. Біріншісін жақсы көрсең, екіншісі пайда болмас еді.
3. Өзгелер сен туралы не ойлайтынына ешқашан бас қатырма.
4. Үнемі кешіріп, ұзақ төзген адам бір сәтте аяқ астынан және мәңгілікке кетіп қалады.
5. Досың жоқ болса түк емес, бар досың шетінен сатқын болса, сол жаман.
6. Жоспарың туралы ешкімге ауыз ашпа.
7. Ешқашан опасыздықты кешірме. Кез келген опасыздық – сенен артықты іздеу. Артығын іздеген қолда бардың қадіріне жетпес.
8. Адам 80% судан тұрады. Егер адамның арманы, не ұлы мақсаты болмаса, ол бар болғаны тігінен тұрған шалшық қана.
9. Сіздің жаныңыздан табылғысы келген адамдардан теріс айналмаңыз. Басыңа күн туғанда дәл сол адам қасыңнан табылуы мүмкін.
10. Адамдармен қандай қарым-қатынас құруды өзің ғана біл. Өйткені, өзгеге сен қалай қарасаң, оларда солай қарайды деу бос сөз.

Зигмунд Фрэйд бойынша түйсіктегіні санамен өлшеу туралы 5 ереже:

1. Адам өзін біреу шын сүйеді дегенді сезінгенде сенімді әрі батыл болады.
2. Біз бір-бірімізді кездейсоқ таңдамаймыз. Біз түйсігімізде тірілткен жанды ғана жолықтырамыз.
3. Адам сүйген кезде дәйім қорғансыз болады. Сүйіктісін немесе оның махаббатын жоғалтқан кезде өте бақытсыз күй кешеді.
4. Неге біз ай сайын басқа адамға ғашық болмаймыз? Себебі, айырылысқан сайын жүрегіміздің бір бөлшегін оған үзіп беріп отырар едік.
5. Әр адамның түйсігінде ешкімге айтпайтын тілек-арманы болады. Кейде өзі де мойындамайтын тым құпия қалауы болатыны рас.

# Эрик Эриксон

Психоаналитикалық (жүйкелік талдау) теориясы. Оның заты – адам эмоциялары мен тұлғааралық қарым-қатынас.

Психоаналитикалық теория өкілдерінің екі кезеңденуі кеңінен мәлім: Зигмунд Фрейдтің және Эрик Эриксонның. З. Фрейд (1856-1939) тұлғаның дамуын биологиялық факторлардың және ерте отбасылық араласу тәжірибесінің ықпалымен түсіндірді. Ол, балалар психикалық, тұрасында психосексуалдық жетілудің 5 сатысынан өтеді деп пайымдады.

Қалалардың қызығушылығы әрбір сатыда ләззат алу негізі болып қызмет ететін дененің белгілі бөлігінің айналасында шоғырланған:

1. оральдық саты (0-2 жас);
2. анальдық саты (2-3 жас);
3. фаллостық саты (4-5 жас);
4. латенттік саты (6-12 жас);
5. гениталдық саты (12-18 жас).

Э.Эриксон (1902-1979) тұлғаның психосоциалдық дамуының 8 сатысын бөліп көрсетті. Оның әрбірінде адам мағынасы сананың, психиканың қарама-қарсы жағдайларының арасындағы кикілжіңнің (конфликт) болып табылатын спецификалық тоқырауды (кризис) бастан кешіреді.

## **Когнитивтік теория**

Ең бастысы ойлаудың, білімді сіңіру процесінің қалыптасуы мен даму проблемаларына қатыстылығы бар. Ақыл-ой жетілуінің ең толық процесін Швецариялық ғалым Жан Пиаже (1896-1980) құрастырған. Пиаже бойынша адам өзінің ақыл-ой дамуында 4 үлкен кезеңнен өтеді:

1) сезімдік-қимылдық (сенсомоторлық) – туғанынан 2 жасқа дейін;

2) оперативтікке дейінгі (2-7 жас);

3) нақты ойлау кезеңі (7-11 жас);

формальдық-логикалық, абстракттық ойлау кезеңі (11-12 – 18 жас және одан әрі).



# Мінез-құлық теориясы

Балалар мен ересектердің өздерін неге, қашан және қалайша, бірақ басқаша емес ұстауға үйренетінін түсіндіруге тырысады. Бұл теорияны сондай-ақ бихевиористік (ағыл. Behavior – мінез-құлық) деп те атайды. Бихевиористіктің негізін қалаушы Джон Уотсон (1878-1958) болып табылады. Теорияны практикалық жүзеге асыруға Б. Скиннер (1904-1992) зор үлес қосты. Бихевиористер ортаның бала мінез-құлқы мен жетілуіне әсерін ерекше атап көрсетеді және социалдық оқудың 3 түрін бөліп қарастырады: классикалық және операнттық себептілік пен еліктеу.

**Карл Густав Юнг** (1875- 1961) - швейцарлық психолог және психиатр. 1910-1913 жылы кейін 1933 жылы Цюрих университетінің доценті, психоаналитикалық мектептің Цюрихтағы бұтағын қалаушы.[1]

Карл Юнгтің нақыл сөздері

1. Кетем дегенді ұстама. Әйтпесе, саған келем деген жете алмас.
2. Өзгенің бойындағы жақпайтын қылықтардың бәрі өзіңді тануға жетелейді
3. Егер сіз дарынды адам болсаңыз, елден ерек бірдеңе алдым дей алмайсыз. Бұл дегеніңіз берешегіңіз бар деген сөзді ғана білдіреді
4. Екі тұлғаның кездесуі екі химиялық элементтің араласуы сынды: аздаған реакция болса, екі элемент те өзгереді.
5. Баланың мойнына жүктелетін ең ауыр жүк: ата-анасының сүрмеген өмірі.
6. Өзгенің бойындағы ұнамаған қылықтардың бәрі өзімізді түсінуге көмектеседі.
7. Жүрегіңнің түбіне үңіле білсең ғана, қырағы бола аласың. Сыртына қараған адам – тек түс көреді, ішіне үңілген – оянады

8. Жалғыздық айналаңда адам жоқтықтан емес, адамдармен саған маңызды көрінер нәрселер туралы сөйлесе алмайтындығың, не сенің көзқарасыңның өзгелер үшін мүмкін еместігімен түсіндіріледі.
9. Маған жаны сау адамды көрсетіңдерші, мен сендерге оны емдеп берейін.
10. Біз кейінге, ата-анамызға тартыламыз және келешекке, балаларымызға ұмтыламыз, оны ешқашан көрмейтін болсақ та, оның қамын жейміз.
11. Сен қарсыласқан дүние сол қалпы тұра береді.
12. Күйзеліс қара жамылған әйел сияқты. Егер ол келсе, қуып жіберме, дастарқанға шақырып, алдына асыңды қой, не дейтінін тыңда.
13. Кейде санаң жетпеген жұмбақты қолдарың шешеді.
14. Түс көру — ұқыпты түрде жасырылған есік, ол есіктің артында адам жаны өзі пайда болмай тұрған кездегі ғаламдық түннің түндігін жасырған.
15. Өз құмарлығының тозағынан өтпеген адам оларды жеңе алмас
16. Өз жаныңның тереңіне үңіле алған кезде ғана көңіл көзің қырағылана түседі.